

Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылдық округінің аумағында ауылдық қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифті белгілеу туралы

Күшін жойған

Жетісу облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 наурыздағы № 100 қаулысы. Күші жойылды - Жетісу облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 28 қазандағы № 541 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 28.10.2024 № 541 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына және Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабы 2-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылдық округінің аумағында ауылдық қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тариф барлық маршруттар үшін 150 (жүз елу) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Ахметов